

## **«М.Бегенов атындағы жалпы білім берстін мектесі» КММ**

### **Ақпаратама**

#### **2022 жыл қантар айы**

Жеке кәсіпкер Бекібаев Арғын 6 оқушыға қайырымдылық акциясы аясында жаңа жылдық тәттілер сыйлады. Олар Тілеубай Нұрдана аз қамтылған отбасы, Оңайбай Зерделі көп балалы отбасы, Дүйсенқалиқызы Асия көп балалы отбасы, Айтжанов Сагымбек көп балалы отбасы, Төлегенов Жақсыбек жартылай жетім және Шаймерден Алишер жартылай жетім оқушылар. Мектеп кәсіпкері Құртқа Қырымқұлова 15000 теңгеге әлеуметтік жағдайы аз қамтылған 2 отбасыны азық-түлікпен қамтыды. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдері үйден оқитын 3 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар табысталды. Көп балалы және толық смес отбасының 4 оқушысы аудандық шыршаға қатысып, әр қайсысына 100 000 теңге, жаңа жылдық тәттілер табысталды.

#### **2022 жыл наурыз айы**

Мектепте оқушыларға санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың температурасы үнемі өлшеніп, маска тағып, талаңқа сай жұру қадағаланды. Ата-аналармен үнемі байланыс жасалып, «коронвирустың белгілері мен ерекшеліктері» туралы түсіндірілді.

#### **2022 жыл сәуір айы**

Мектепте сенбіліктер ұйымдастырылып, жұмыстар қадағаланды. Мектеп ауласына тазарту жұмыстары уақытылы жүргізілді.

#### **2022 жыл мамыр айы**

Ата-аналар жиналышы өткізіліп, қамқоршылық кеңесінің жасалған жұмыстары жөнінде есеп беріліп, ата-аналардан ұсыныс пікірлер түсті.

#### **2022 жыл маусым айы**

Мектеп оқушыларына жазғы лагерь ұйымдастырылды. Бір ауысым бойынша мектепшілік «Достық» лагері жоспарға сай жұмыс жүргізді. Лагерге аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар қатыстырылды. Барлығы 70 оқушы лагерге келді.

#### **2022 жыл тамыз айы**

«Мектепке жол» акциясы туралы демеушілерге, әлеуметтік желілерге хабарландырулар салынды. Сынып жетекшілерден аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балалар тізімі алынды. Мектеп келмей қалатын оқушыларды болдырмау үшін ата-аналармен байланыс жасап отырды. Мектепте жалпы 230 оқушы оқиды. Арнаулы сыныпта бір оқушы, үйден оқитын төрт оқушы бар. Жартылай жетім бес оқушы бар. Акцияға байланысты жеке кәсіпкер Бекібаев Арғынға, Акмуханова Ардакқа, Қырымқұлова Қуртқаға хабарлама жіберілді. Мектепке жол акциясымен А.Акмуханова алты оқушыға, жеке кәсіпкер К.Қырымқұлова бір оқушыға оқу құралдарына қаржылай көмек берді. Және «Шағырлы-Шемішті» мекемесі он оқушыға оқу сөмкесімен, оқу құралдарын альш берді. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры Акционерлік Қоғамы бірінші сыныптың 5 баласына оқу құралдарымен оқу сөмкесін алып берді.

#### **2022 жыл қыркүйек айы**

Жалпы дайындық тобы мен он бірінші сынып аралығында 257 оқушы оқиды. Мектептің әлеуметтік паспорты жасалды. Көп балалы отбасы балалары анықталып, есебі алынды. Аз қамтылған отбасы, жартылай жетім отбасы балалар саны анықталып, есебі жасалды. ІІстық тамақ бойынша бірінші сыныпта 25 оқушы, бір оқушы үйден оқиды. Жиырма төрт оқушы тамақ ішеді. 64 қаулы бойынша 46 бала анықталды. Асхана жұмысы үнемі

тексеріліп, қадағаланып отырылады. Тамақ іштіг оқушылардың сабакқа келуін үнемі қадағаланып отырылады.

**2022 жыл қазан айы**

Істүк тамақ бойынша өзгерістер енгізілді. Екі окушы қыркүйек айының соңында басқа мектепке ауысыуына байланысты өзгерістер енгізілді. Республика құшіне орай қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Жоспарға сай жұмыстар жүргізіліп отыруын қадағалайды.

Әлеуметтік педагог



Г.Тілекбаева